

«АйКүн» бөбекжай - балабақшасының
Құлыншақ ересек тобына арналған
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы
«Әке, ана және мен, спорттық отбасы»

Тәрбиеші: Қуанышова К.Н

Ақтөбе 2024


«Әке, ана және мен – спорттық отбасы»

Тобы: Ересек «Құлыншақ» тобы

Мақсаты: Отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ата-аналар мен балалардың бірлескен спорттық іс-әрекетке қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау, ұйымшылдық пен достыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- * Балалар мен ата-аналардың дене шынықтыруға деген қызығушылығын арттыру;
- * Жылдамдықты, ептілікті, төзімділікті дамыту;
- * Отбасы мүшелерінің бір-біріне қолдау көрсетуіне ықпал ету;
- * Салауатты өмір салтын насихаттау.

Безендірілуі: Зал шарлармен, жалаушалармен безендіріледі. «Әке, ана және мен – спорттық отбасы» атты жазу ілінеді.

Іс-шара барысы

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ардақты ата-аналар және сүйікті балалар!

Бүгін біз «Әке, ана және мен – спорттық отбасы» атты көңілді спорттық сайысқа жиналып отырмыз. Бұл жарыста жеңістен бұрын ұйымшылдық, достық және көтеріңкі көңіл-күй маңызды. Баршаңызға сәттілік тілейміз!

(Командалар әуенмен залға кіреді.)

Таныстыру кезеңі

Әр отбасы өздерінің атауын және ұранын айтады.

1-сайыс «Жылдам отбасы»

Бала конустар арасымен жүгіріп келеді, анасы жалғастырады, соңында әкесі мәреге жетеді.

2-сайыс «Допты жеткіз»

Қасыққа немесе екі тізенің арасына допты қысып, белгіленген жерге дейін жеткізіп, қайта оралады.

3-сайыс «Кедергіден өт»

Құрсаудан секіру, орындықты айналып өту, белгіленген жерден жүгіріп келу.

Музыкалық сергіту сәті

Балалар көңілді би билейді.

4-сайыс «Мерген отбасы»

Әр отбасы допты себетке немесе нысанаға дәл лақтырады.

5-сайыс «Кім шапшаң?»

Белгі бойынша отбасы мүшелері текшелерді немесе доптарды жинап, себетке салады.

Қорытынды: Қазылар алқасы ұпайларды есептегенше балалар шағын би немесе ән орындайды.

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар мен бүлдіршіндер! Бүгін сіздер ептіліктеріңізді, ұйымшылдықтарыңызды және спортқа деген сүйіспеншіліктеріңізді көрсеттіңіздер. Барлық отбасылар жеңіске лайық! Сіздерге зор денсаулық, бақыт және отбасыларыңызға амандық тілейміз!

(Марапаттау рәсімі)

Барлық қатысушыларға дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталады.

Қорытынды сөз:

«Спорт – денсаулық кепілі, ал берекелі отбасы – бақыттың негізі!»